

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 жарлықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің обаға қарсы станциялары – мемлекеттік мекемелері;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті мен Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары;

6) "Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны " Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып;

7) "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып;

8) *Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.*

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті осы қаулыға 4-қосымшада көрсетілген республикалық мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті осы қаулыға 5-қосымшада көрсетілген республикалық мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

4. Осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері мен Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері бірігу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері қайта ұйымдастырылсын.

5. Мыналар:

1) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің;

2) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық жер инспекциялары – мемлекеттік мекемелерінің функциялары мен өкілеттіктері жергілікті атқарушы органдарға беріліп, таратылсын.

6. Осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика және Қаржы министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

8. Осы қаулы:

Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол көлігі мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын⁷⁴) тармақшасын;

Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 262-3) және 262-4) тармақшаларын;

Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 23-1) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.04.2021 № 233 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 24 қыркүйектегі

№ 1011 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2021 № 928 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мынадай:

1) мемлекеттік жоспарлау, салық, бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, кеден саясаты, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатынастар, жарнама, аэронавигация, әуежайлар және кабельдік кәрізді мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар, қоғамдық маңызы бар нарықтар, мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту;

2) өңірлік даму, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, өзін-өзі реттеу, агломерацияларды дамыту;

3) аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу,

жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарды мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау;

4) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру;

5) стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары салаларындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.02.2023 № 133; 13.04.2023 № 297; 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

2. Министрліктің мынадай ведомствосы бар: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақты екінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1204 қбп қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы мемлекеттік тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2024 № 864 қаулысымен; орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 09.07.2026 № 600 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Министрлікке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 7-кіреберіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңдармен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.07.2026 № 600 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:

- 1) салық, бюджет және кеден саясаты;
- 2) лицензиялау;
- 3) рұқсаттар және хабарламалар;
- 4) бюджетаралық қатынастар;
- 5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау (қадағалау);
- 6) инвестицияларды тарту;
- 7) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш;
- 8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік;
- 9) мемлекеттік инвестициялық жобалар;
- 10) табиғи монополиялар және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру;
- 11) қоғамдық маңызы бар нарықтар;
- 12) халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар;
- 13) мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру;
- 14) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту;
- 15) өңірлік даму;
- 16) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- 17) жеке кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау;
- 17-1) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу;

18) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау;

19) табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

20) Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларында (аяларында) тұтынушылар мен көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету;

21) табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

22) өзін-өзі реттеу;

23) жарнама;

24) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру;

25) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.02.2023 № 133 қаулысымен;

26) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.02.2023 № 133;
31.05.2023 № 425 қаулыларымен.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардың лауазымды адамдары мен жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

сотқа жүгіну;

тексерулер мен сараптамалар жүргізу үшін басқа да ұйымдардан мамандарды тарту;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жолдау;

табиғи монополиялар субъектілеріне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілеріне олардың Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген міндеттемелерді орындауы туралы нұсқама енгізу;

өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомствоға беру;

заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаны он үшінші абзацпен толықтыру көзделген – ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1204 қбп қаулысымен.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

өзінің интернет-ресурсында:

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін;

уәкілетті органның құқықтық актілерін;

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 7-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, электрондық жеткізгіште ұсынылған, қоса берілген құжаттары бар өтінімдерді;

бекітілген, белгіленген және айқындалған тарифтерді;

бекітілген тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаларды;

табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін;

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына берілген келісімдердің, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен қабылданған реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарламалардың тізілімін;

табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулыларды және Қазақстан Республикасының

Кәсіпкерлік кодексінде көзделген міндеттемелерді орындау туралы және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы нұсқамаларды;

уәкілетті органның қатысуымен талқылау қорытындылары бойынша сот шешімдерін;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің жетістіктерін;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты өзге де ақпаратты орналастыру;

табиғи монополиялар салаларында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне қосу немесе одан шығару туралы шешім қабылдау;

қалалардың, аудандардың және облыстардың жылу, электр, газ таратушы жүйелерін, сондай-ақ сумен жабдықтау және кәріз желілерін дамыту жоспарларын келісу;

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу, оның негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

аумақтық органдар мен ұйымдардың негізгі қызметі, республикалық бюджетті жоспарлау мен атқару мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру;

реттелетін саладағы аумақтық органдар мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

цифрлық ресурстарды және цифрлық жүйелерді, цифрлық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастыру;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау қорытындыларын Қазақстан Республикасының заңдарында ақпаратты қорғау бөлігінде белгіленген шектеулерді ескере отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің веб-порталында жариялау.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 297; 09.07.2026 № 600 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

15. Функциялары:

1) мемлекеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өзін-өзі реттеу саласында стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асыру;

2-1) агломерацияларды дамыту саласында стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асыру;

2-2) өзін-өзі реттеуді дамыту үшін жағдайлар жасау;

2-3) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзін-өзі реттеу туралы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2-4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агломерацияларды дамыту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

2-5) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агломерацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2-6) "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзін-өзі реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.10.2024 № 864 қаулысымен;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу, түзету және іске асырылуын мониторингтеу;

5) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобаларын келісу;

6) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын мониторингтеу;

7) Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, оларға мониторинг жүргізу және түзету әдістемесін стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлеу, іске асыру, мониторингтеу және түзету әдістемесін бекіту;

10) қабылданған тұжырымдамалардың, ұлттық жобалардың, доктриналардың (стратегиялардың), кешенді жоспарлардың тізілімін жүргізу;

11) тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), кешенді жоспарларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу қағидаларын бекіту;

12) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуы туралы мониторингтің нәтижелері туралы есепті жасау нысаны мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

12-1) мақсаттар мен нысаналы индикаторлар, олардың декомпозициясы туралы жиынтық сандық мәліметтерді қамтитын мемлекеттік органдардың бекітілген даму жоспарлары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты қалыптастыру тәртібін айқындау ;

12-2) мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу, олардың декомпозициясы туралы жиынтық сандық мәліметтерді қамтитын барлық орталық мемлекеттік органның даму жоспарларының іске асырылуы туралы шоғырландырылған есепті қалыптастыру тәртібін айқындау;

13) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.10.2024 № 864 қаулысымен;

14) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

15) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.10.2024 № 864 қаулысымен;

15-1) қолданылатын дереккөздерді және (немесе) түйінді ұлттық индикаторлар картасы индикаторларының тиісті есеп-қисаптарының әдістемелерін стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекіту;

15-2) Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын декомпозициялау кезінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

15-3) ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларын есептеу әдістемелерін келісу;

16) Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын іске асыру мақсатында әзірленетін жалпыұлттық іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және олардың іске асырылуын мониторингтеу;

17) мемлекеттік органдардың елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

17-1) орнықты даму мақсаттарын іске асыру қызметін үйлестіру;

17-2) Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу;

17-3) Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму болжамын әзірлеу тәртібін, мерзімдерін, құрылымы мен мазмұнын, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

18) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

19) Қазақстан Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;

19-1) әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, оның ішінде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдерін әзірлеу тәртібін, мерзімдерін және құрылымын айқындау;

20) макроэкономикалық болжамдау әдіснамасы мен құралдарын жетілдіру;

21) экономикалық саясат шараларының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге ықпалын бағалау;

22) әлемдік экономикадағы ахуалды талдау, әлеуетті сыртқы тәуекелдерді және олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын бағалау;

23) әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерінің есеп-қисаптарын әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

24) республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың даму стратегияларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту;

25) Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштерін мониторингтеу және талдау;

25-1) көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

26) салық және бюджет саясатын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру;

26-1) салықтық жеңілдіктердің тиімділігін және оларды одан әрі қолданудың орындылығын бағалауды қамтитын салықтық шығыстар туралы талдамалық есеп жасау;

26-2) бірыңғай төлемді, бірыңғай төлем бойынша өсімпұлды төлеу, аудару және оларды жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоспағанда), өсімпұл түрінде бөлу, сондай-ақ оларды қайтару қағидаларын келісу;

26-3) алып тасталды - ҚР 08.12.2025 № 1064 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-4) өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын тұрмыстық аспаптардың және (немесе) тұрмыстық электроника аспаптарының, сондай-ақ олардың құрамдастарының тізбесін келісу;

26-5) білім алушы адамның тұруына және оған ақша сомасын төлеуге арналған іс жүзінде жұмсалған шығыстардың шекті нормаларын белгілеу;

26-6) көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп пайдалы қазбаларды өндіру салығының, экспортқа рента салығының, роялтидің және мемлекет атынан алушыға Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесінің белгіленген мөлшерлемелеріне қолданылатын теңестіру коэффициентін айқындау немесе өзінің өндірістік мұқтажықтарына пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

26-7) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен және

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қорғалуға құқығы бар жеке тұлғалардың жекелеген санаттарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

26-8) берілетін инвестициялық преференциялардың тиімділігін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

26-9) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес төленген уақытша теңгерімдеу төлемақысы бойынша шығыстарды шегерудің шекті мөлшерін әзірлеу және бекіту;

26-10) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын, қайта өңдеуге арналған тауарлардың, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

26-11) қосалқы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өз мүшелері үшін орындайтын жұмыстардың және (немесе) көрсететін қызметтердің, сондай-ақ өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өз мүшелері үшін өткізетін тауарлардың тізбесін келісу;

26-12) арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын, арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарлардың тізбесін келісу;

26-13) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн салығынан босатылатын, солардың шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында өз өндірісінің тауарларын өткізу қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілердің тізбесін келісу;

26-14) Қазақстан Республикасының Салық кодексі 755-бабының 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына өткізген, өндірілген тұрақсыз конденсатты өткізу жөніндегі айналымға қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынатын тұрақсыз конденсатты өткізу қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілердің тізбесін келісу;

26-15) Қазақстан Республикасының аумағынан бұрын осы салық төлеушілер әкеткен және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай басқа мемлекеттің аумағында қайта өңделген алыс-беріс шикізатынан алынған қайта өңдеу өнімдерін

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер тізбесін келісу;

26-16) өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ олардың құрауыштарының тізбесін келісу;

26-17) ауыл шаруашылығы өнімдерін, аквашаруашылық (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, ауыл шаруашылығы кооперативтері, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері ауыл шаруашылығы өнімдерін өзі өндіру процесінде пайдаланылатын техника бойынша көлік құралы салығын төлеушілер болып табылмайтын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасының тізілімін келісу;

26-18) ауыл шаруашылығы техникасын өндіруде пайдаланылатын қосалқы бөлшектердің тізбесін келісу;

26-19) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге әкелуді (әкету) жүзеге асырған жағдайда қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету), сондай-ақ оның орындалуы туралы міндеттемелерді ұсыну қағидаларын, мерзімдерін және нысанын келісу;

26-20) салықтарды мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын іске асыру шеңберінде осындай бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжай ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу объектілері бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 602-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептейтін заңды тұлғалардың тізбесін келісу;

26-21) "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелмейтін өзге қызмет түрлері бойынша қарсы міндеттемелерді белгілеу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу және бекіту;

26-22) инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде салықтар бойынша инвестициялық преференциялар мерзімін қолдану қағидаларын келісу;

26-23) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу қағидаларын, мерзімдері мен шарттарын келісу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

26-24) тармақша 01.01.2029 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 08.12.2025 № 1064 қаулысымен.

26-24) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызметтің басым түрлерінің тізбесін және өз өндірісінің өлшемшарттарын келісу;

26-25) Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі арнаулы депозиттік шотқа аударылған, қалдықтарды көму полигондарын жою қорына аударымдар сомасын шегерімге жатқызу қағидаларын және олардың мөлшерін келісу;

27) салық және бюджет заңнамасын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

27-1) автомобиль көлік құралдарын тоқтатқан кезде кеден органдары лауазымды адамдарының іс-қимыл жасау қағидаларын келісу;

28) бюджет жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

29) Қазақстан Республикасының үш жылдық кезеңге арналған республикалық және облыстық бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы Заңының жобасына астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің кірістерін болжау;

29-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

30) шоғырландырылған, мемлекеттік және республикалық бюджеттердің түсімдері мен шығыстарының болжамын, бюджеттің тапшылығын, Ұлттық қордың көрсеткіштерін болжамдауды қамтитын үш жылдық кезеңге және ұзақ мерзімді кезеңге арналған бюджет параметрлерін болжамдау;

30-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша кесімді баға тәртібін айқындау;

30-2) Ұлттық әл-ауқат қорының борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларын әзірлеу;

31) бюджет кірістерін болжау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

32) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша мұнайдың есептік бағасын айқындау тәртібін бекіту;

33) жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің үлгілік әдістемесін әзірлеу және бекіту;

33-1) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін келісу;

33-2) жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптары жөніндегі қорытындының жобасын жасау және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

33-3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл тәртібін, тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдарының және жергілікті атқарушы органдардың жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үшін қажетті нысандарды, көрсеткіштер тізбелерін ұсыну және келісу тәртібін және олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін қамтитын жалпы сипаттағы трансферттерді жоспарлау тәртібін айқындау;

34) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлігі бойынша борыш саясатын қалыптастыру, мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектор борышын болжау және талдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

34-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

34-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесін әзірлеу;

34-3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

34-4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

35) республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін үкіметтік борыштың, жергілікті атқарушы органдар борышының, мемлекеттік кепілдіктер берудің, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер берудің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, мемлекет кепілгерлігін берудің, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимиттерін айқындау;

35-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

35-2) Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының параметрлерін (коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін және есептеу әдістемесін айқындау;

35-3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

35-4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

35-5) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке дивидендтер немесе аударымдар төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты беру тәртібі мен нысанын айқындау және бекіту;

35-6) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есепті, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есепті қалыптастыру және квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің іс-шаралар жоспарларының немесе даму жоспарларының, дербес білім беру ұйымдарының ұзақ мерзімді даму стратегияларының іске асырылуын бағалау тәртібін айқындау;

36) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша экспортты қолдау жөнінде мемлекеттік кепілдіктер беру үшін қорытындыны әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарды белгілеу;

36-1) шығыстарға шолу жүргізу, мақсаттарды, тақырыптарды, объектілерді, өлшемшарттарды, көлемді (қамтуды), деңгейді, уақыт шектеулерін, кезеңділікті айқындау тәртібін айқындау;

37) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

37-1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

37-2) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыру шарттарын келісу;

37-3) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ резервтер қалыптастыру және олар бойынша актуарлық есеп-қисаптар жүргізу қағидаларын келісу;

37-4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің мемлекет кепілдік берген экспортты қолдау жөніндегі міндеттемесіне және қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу қағидаларын келісу;

37-5) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін Экспорттық-кредиттік агенттіктің сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі есептілікті ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін келісу;

38) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

39) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;

40) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін келісу;

41) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін келісу;

42) арнайы комиссияны қалыптастыру қағидаларын және арнайы комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

43) рентабелділігі төмен келісімшарттар бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың жеке мөлшерлемесінің нақты мөлшерлері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

44) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;

45) пайдалы қатты қазбаларды өңдеу туралы келісім жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;

46) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредиттеу мәселелері жөніндегі құжаттарды қарау;

46-1) қарыз алушының кредит қабілеттілігі өлшемшарттарын келісу;

46-2) қаржы агенттіктерін республикалық бюджеттен қамтамасыз етілмейтін бюджеттік кредиттер алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу тәртібін келісу;

46-3) бюджеттік кредиттерді беру жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде оларды беру кезіндегі қажетті құжаттардың тізбесін келісу;

46-4) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуын бақылау тәртібін келісу;

46-5) бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп айқындау;

47) мемлекеттік инвестициялық жобалар саясатын қалыптастыру;

48) Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін қалыптастыру;

48-1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің жай-күйін бағалау тәртібін айқындау;

48-2) мемлекеттік қарыздарды тарту есебінен іске асырылатын институционалдық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін келісу;

48-3) мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жағдайын мониторингтеу тәртібін келісу, мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау;

49) бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлауды әдіснамалық қамтамасыз ету;

49-1) Қазақстанның ұзақ мерзімді даму болжамы және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде мемлекеттік қаржының жай-күйін болжауды жүзеге асыру;

49-2) мемлекеттік қаржының жай-күйін мониторингтеу және ол туралы мәліметтерді қалыптастыру тәртібін келісу;

50) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау объектілеріне қажеттілікті айқындау және инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

50-1) ең төмен әлеуметтік стандарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

51) елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу;

51-1) елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу тәртібін және оған мониторинг жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

52) мемлекеттік инвестициялық жобалардың, бюджеттік инвестициялық жобалардың және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері заңды тұлғаларының жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

53) мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асыру;

54) мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іріктеуді жүзеге асыру;

54-1) мемлекет кепілгерліктерін беру немесе олардың көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

54-2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

54-3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

55) қоса қаржыландыру шартындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қарау;

56) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

57) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

58) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру жоспарланатын республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың, оның ішінде түзетілген бюджеттік инвестициялардың, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаға республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік кепілдік беру үшін түзетілген, сондай-ақ жаңадан жасалған инвестициялық жобалардың, техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің, мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруының экономикалық сараптамасын жүргізу үшін құжаттарды қаржы агенттеріне жіберу;

59) республикалық бюджеттік инвестициялық және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық (аукциондық) құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу;

60) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

61) бюджеттік инвестициялық жобалардың және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау;

61-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаны тарта отырып , республикалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды жүзеге асыру;

61-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалауды қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

61-3) мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге және оның экономикалық сараптамасына қойылатын талаптарды белгілеу;

62) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

63) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын ұйымдастыру саласында салааралық үйлестіру мен әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

64) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

65) бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессиялар, мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруы мәселелері бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен сараптама жүргізу және құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесін бекіту;

66) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператор, автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор мен астананың көлік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияның, қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импортын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті ұйымның және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін мемлекет кепілдігімен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден берілетін төлемақылар (төлемдер) болып табылатын басқа квазимемлекеттік сектор субъектілерінің әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларының және (немесе) инвестициялық бағдарламаларының тізбесін бекіту;

66-1) инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық негіздемені және қаржылық-экономикалық негіздемені түзетуге байланысты мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

66-2) цифрлық объектілерді құру және дамыту жобалары бойынша техникалық тапсырманы түзетуге байланысты мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету тәртібін келісу;

66-3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп бюджеттік даму бағдарламаларының паспорттарында және мемлекеттік инвестициялық жобалар құжаттамаларында көзделген түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуіне мониторингті жүзеге асыру тәртібін айқындау;

66-4) есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп айқындау;

66-5) мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын келісу;

66-6) мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы болжамды мәліметтердің есеп-қисаптарын жүргізу, үкіметтік борыштың, жергілікті атқарушы органдар борышының, мемлекеттік кепілдіктер берудің, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік

кепілдіктер берудің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, мемлекет кепілгерлігін берудің, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыртқы борышының лимиттерін айқындау және сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілері тізбесінің өлшемшарттарын айқындау және оларды қалыптастыру әдістемелерін әзірлеу және бекіту;

67) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту;

68) жергілікті мемлекеттік басқарудың жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

69) байланысты грантты тартуға арналған өтінімнің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, донорлардың байланысты гранттар беру саясатына сәйкестігі негізінде байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүзеге асыру;

70) байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер тізбесін бекіту;

70-1) байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, мониторингтеу және пайдаланылуын бағалау тәртібін айқындау;

70-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп байланысты гранттардың пайдаланылуын бағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

70-3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп есептілікті ұсыну тәртібін, мерзімдерін және нысандарын, сондай-ақ байланысты гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды айқындау;

70-4) байланысты гранттарды бағалау нәтижелеріне негізделген оларды пайдалану туралы жиынтық есепті қалыптастыру;

71) экономика салаларында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тетіктерін қолданудың институционалдық және заңнамалық негізін жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

71-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау тәртібін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша операциялық шығындардың өтемақысын, мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақыны, қоса қаржыландыруды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру барысында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтынуына кепілдік беруді, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін

пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын және қолжетімділік үшін төлемақыны келісу;

72) республикалық бюджеттен өңірлерді дамытуға арналған нысаналы трансферттерді бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

73) нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша, олардың өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган айқындаған өңірлік саясат басымдықтарының өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан ұсыныстар қалыптастыру;

73-1) объектілерді аса маңызды объектілерге және жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға жатқызу тәртібін айқындау;

74) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру, пайдалану және басқару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

75) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -т. қараңыз) қаулысымен;

76) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді ұсыну;

76-1) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

77) тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту;

78) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

79) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарын бекіту;

80) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

80-1) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына техникалық сараптама жүргізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін уәкілетті тұлғаларға (сарапшыларға, сараптама ұйымдарына) қойылатын өлшемшарттар мен талаптарды айқындау;

80-2) табиғи монополиялар субъектілерінің ұсынылған деректері негізінде сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

80-3) мемлекеттік органның инвестициялық жоспарын әзірлеу тәртібі мен нысандарын айқындау;

80-4) барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік инвестициялық жобаларын, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған жобаларды

қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

80-5) барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін келісу;

80-6) дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық шығындарын қаржыландыруға бағытталған бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру тәртібін келісу;

80-7) жалпы ішкі өнім көлеміне салымның болжамды үлесін, бюджет түсімдерінің болжамды өсімін, салаға инвестициялардың болжамды өсімін және елдің әлеуметтік экономикалық дамуының басқа да параметрлерін айқындау жолымен мемлекеттік инвестициялық жобалар портфеліне енгізілген салалық мемлекеттік инвестициялық жобалардың экономиканың дамуына ықтимал әсерін талдауды жүзеге асыру;

81) тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін бекіту;

82) Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ережені және оның дербес құрамын бекіту;

83) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 297 қаулысымен;

84) инженерлік желілерге қосуға арналған техникалық шарттардың үлгілік нысандарын бекіту;

85) табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің нақты іс-қимылдар тәртібімен қызметтер көрсетуінің үлгілік регламенттерін бекіту;

86) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға жұмсалған шығындарын айқындау қағидаларын бекіту;

86-1) энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу жобалары бойынша қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қаржыландыру және (немесе) субсидиялау тетігін айқындау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

86-2) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен, жылу энергетикасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен және электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

87) бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

88) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын бекіту;

88-1) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

89) Министрліктің құзыреті шегіндегі халықаралық ынтымақтастық;

90) мемлекеттік органдардың халықаралық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмысын үйлестіру, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен, сыртқы көмекті үйлестіру және олардың қызметі мәселелері бойынша донор елдермен, рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасасу;

91) халықаралық экономикалық ұйымдармен келіссөздерде, сондай-ақ екіжақты бастамалар шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан өкілдік ету;

92) халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

93) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын экономикалық салада халықаралық шарттардың орындалуын мониторингтеу, Қазақстан Республикасы экономикалық ынтымақтастығының басым бағыттарын айқындау бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

93-1) Ұлттық байланыс орталығы және оның Хатшылығы туралы ережелерді әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Ұлттық байланыс орталығының құрамын бекіту;

93-2) Көпұлтты кәсіпорындарға арналған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының басшылық қағидаттарының бұзылуы туралы өтініштерді қарау регламентін әзірлеу және бекіту;

94) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

95) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін әзірлеу және бекіту;

95-1) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

95-2) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі

шектеулі серіктестіктердің) тәуелсіз директорларының (тәуелсіз мүшелерінің) тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

95-3) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу деңгейін айқындаудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

95-4) Ұлттық әл-ауқат қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталында мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесінің (байқау кеңестерінің) мүшелеріне мемлекет ұсынатын кандидаттарға қойылатын ең төмен талаптарды әзірлеу және бекіту;

96) мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

96-1) мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру тәртібін айқындау;

96-2) тәуелсіз консультантты тарту тәртібін айқындау;

96-3) стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін стратегиялық объектінің меншік иесінің (құқық иеленушісінің) өтініш нысанын бекіту;

96-4) ортақ пайдаланылатын мүлікті пайдалану қағидаларын келісу;

96-5) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын жекелеген мемлекеттік білім беру және мәдениет кәсіпорындарының бірінші басшыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын басшысын тағайындау және оны аттестаттаудан өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

97) мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының іске асырылуын бағалау;

98) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау қағидаларын бекіту;

98-1) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының және Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы

холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының жобаларын келісу;

99) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін айқындау;

100) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын және даму іс-шараларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін айқындау;

100-1) мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Қордың интернет-ресурсына орналастыру қағидаларын, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысанын және орналастыру кезеңділігін бекіту;

100-2) стратегиялық объектілердің меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оларды иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібін әзірлеу;

101) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін бекіту ;

101-1) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

101-2) мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға алудың) үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;

102) мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) тәртібін әзірлеу және бекіту;

102-1) стратегиялық объектілердің меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оңалтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару туралы жолданымдарын қарау тәртібін әзірлеу;

102-2) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық

компанияларды қоспағанда), ұлттық холдингтердің әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін әзірлеу;

103) мемлекеттік мүлікті әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдау (жалға алу) тәртібін айқындау;

104) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

105) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

105-1) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

105-2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін өз құзыреті шегінде қарау;

105-3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының петицияларын өз құзыреті шегінде қарау;

105-4) цифрлық трансформация жүргізу;

106) мемлекеттік басқару органдарының қызметіне функционалдық талдау жүргізу;

107) мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

107-1) түсімдердің сомаларын көрсете отырып, парафискалдық төлемдердің тізілімін жүргізу және олардың сақталуы, таратылуы немесе бюджетке берілуі тұрғысынан оларды талдауды жүзеге асыру;

107-2) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес парафискалдық төлемдерге алып келетін, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының тізілімін қалыптастыру;

107-3) мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

108) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

109) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы негізде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру;

110) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

111) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

112) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

113) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялар құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

113-1) мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін және парафискалдық төлемдерге алып келетін, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының тізілімін ұсыну мерзімдерін белгілеу;

114) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

115) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

116) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік көмек беруді және үйлестіруді жүзеге асыру;

117) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың нарықтың дайын болуына жүргізген талдауларына сараптамалық қорытындылар дайындау және беру;

118) өз құзыреті шегінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар бәсекелес ортаға беру үшін ұсынатын орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын іріктеу нәтижелеріне сараптама жүргізу;

118-1) мемлекеттік органдар функцияларының тізілімін жүргізу тәртібін, сондай-ақ оның құрылымын айқындау;

119) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар жүргізген, оңтайландыру тұрғысынан ұсынылған есептеме бойынша қорытынды әзірлеу және беру;

120) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасының барлық органдары үшін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

121) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасының барлық органдары үшін жұмыскерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін әзірлеу;

121-1) астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары мен аппарат басшылары үшін міндеттерді (қызметтің функционалдық бағыттарын) бөлуді әзірлеу және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекіту;

121-2) орталық мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын қоспағанда) және жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін ұлғайту жөніндегі ұсыныстарға Қазақстан Республикасының Үкіметі қорытындысының жобасын дайындау;

122) Министрліктің құзыреті шегінде ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жұмыстарды үйлестіру;

- 123) Министрліктің құзыреті шегінде тиісті салада зерттеулер жүргізу жұмыстарын үйлестіру;
- 124) ұлттық цифрлық объектілерді құру, дамыту, пайдалану, модификациялау және қорғау;
- 125) Министрліктің құзыреті шегінде құқықтық актілерді әзірлеу;
- 126) Министрліктің құзыреті шегінде құқықтық актілердің жобаларын келісу және олар бойынша қорытындылар беру;
- 127) заң жобаларына ғылыми-экономикалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру;
- 127-1) Әділет министрлігімен бірлесіп, ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидаларын бекіту;
- 128) экономикалық талдауды жүзеге асыру және өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 129) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 129-1) астана (облыс, республикалық маңызы бар қала) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің үлгілік регламентін бекіту;
- 129-2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту;
- 130) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мен оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 131) Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жасалған бизнес-жоспарға қорытынды дайындау;
- 132) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг (скрининг) жүргізуі туралы нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 132-1) ауылдық елді мекендердің әлеуетін айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту;
- 132-2) ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредит беру және лизинг қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 133) барлық деңгейдегі аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу;
- 134) өңірлерді дамыту проблемаларын мониторингтеу және талдау;
- 135) елдің өңірлік саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың, өңірлердің қызметін үйлестіру;
- 136) елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша өңірлердің қызметін үйлестіру;
- 137) даму әлеуеті бар (стратегиялық ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, тірек және серіктес) ауылдардың тізбесін келісу;

138) жекелеген проблемалы аумақтарды, елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу және бағалау;

139) жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

140) жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті дамыту жөнінде шаралар әзірлеу ;

141) республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

141-1) табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығындарды өтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

142) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу;

143) Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту;

144) шағын кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асыруға ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ оларды іске асыру;

145) жастар ұйымдарымен жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

146) мемлекеттік рұксат беру жүйесін жетілдіру және оңтайландыру бойынша және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру ;

147) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің қызметін үйлестіру;

148) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жол берген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін хабардар ету;

149) уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлейтін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын бірлесіп бекіту арқылы мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу процесін үйлестіруді жүзеге асыру;

150) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарының ерекшеліктері мен құпиялылығын ескере отырып, мемлекеттік органдардың тексеру парақтарының нысанын және тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

151) кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметін қамтамасыз ету;

152) Қазақстан Республикасының Үкіметіне экономиканың басым секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

153) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.03.2022 № 153 қаулысымен;

154) ақпараттық құралдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

154-1) автоматтандыруға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бұйрықты бекіту;

154-2) цифрлық объектілерді құруды және дамытуды көздейтін мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау мен іске асыру тәртібін келісу;

155) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органмен бақылау және қадағалау органдарының тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды есепке алу жөніндегі ақпаратпен алмасу бойынша өзара іс-қимылы;

156) басқа мемлекеттік органдардың рұқсаттар және хабарламалар саласындағы қызметін үйлестіру;

156-1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

156-2) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласында стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асыру;

156-3) цифрлық майнинг жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларын келісу;

156-4) рұқсаттар және хабарламалар саласында стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

156-5) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсаттар және хабарламалар туралы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

156-6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсаттар және хабарламалар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

157) Министрліктің даму жоспарын әзірлеу және бекіту;

158) мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру және мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

158-1) әлеуметтік және экономикалық жобаларды іріктеу және олардың өлшемшарттарын айқындау қағидаларын бекіту;

158-2) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредиттеудің орындылығы тәртібін айқындау;

159) реттелетін салаларда техникалық регламенттерді бекіту;

160) Қазақстан Республикасының үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет және астана бюджеті, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы Заңының жобасын әзірлеу;

161) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, сондай-ақ реттелетін саладағы кәсіптік стандарттарды бекіту;

162) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген, стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды келісу;

163) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік хаттамалар жасау;

164) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

165) кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеу және бекіту;

166) агломерацияларды қалыптастыруды, дамытуды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттар мен міндеттерді айқындау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

166-1) агломерациялардың тізбесі мен құрамын әзірлеу;

166-2) агломерациялар жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлеу;

166-3) агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау;

166-4) агломерация құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту;

166-5) жергілікті агломерация кеңесі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

166-6) астананың, республикалық маңызы бар қаланың және елді мекендері агломерацияға кіретін облыстың жергілікті атқарушы органдарына агломерацияларды дамыту мәселелері бөлігінде жәрдем көрсету;

166-7) агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және жергілікті агломерациялар кеңестерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

166-8) моноқалалардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

166-9) агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу бойынша бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бірімен-бірінің өзара қатынас тәртібін

, агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің іске асырылуы туралы есептілікті жасау және ұсыну тәртібін және агломерация аумағында жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау;

167) реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарау және өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық палатасының және басқа да мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытынды беру;

168) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерін қоспағанда, өз құзыреті шеңберінде нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар, әдістемелер, стандарттар әзірлеу және бекіту;

169) мемлекеттік қызметтер көрсету;

170) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту саласында стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асыру;

170-1) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тізілімін қалыптастыру, жүргізу және жаңарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

170-2) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары стандартының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

170-3) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тізілімін әзірлеу және бекіту;

170-4) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне талдау жүргізу және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

170-5) Бизнесінің цифрлық картасын әзірлеу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

171) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру;

171-1) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін және олар алып жатқан жер учаскелерін кейіннен меншікке өтеусіз бере отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту;

172) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымына талдау жүргізу;

173) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

173-1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке

кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

173-2) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

174) кәсіпкерлік субъектілері және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімдерін жүргізу;

174-1) кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту;

174-2) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысты есептеу қағидаларын бекіту;

175) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін бекіту;

176) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу;

177) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

177-1) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

178) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 617 қаулысымен;

179) мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық даму институттарының және өзге де ұйымдардың әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

179-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуден өткізу тәртібін, оның ішінде аккредиттеу туралы куәліктің нысанын, аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібін айқындау;

180) жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

181) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптама кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін, оның ішінде оларды мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырғаны туралы хабарлама жіберу;

182) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігі мониторингін жүзеге асыру;

183) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

184) жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау;

185) Қазақстан Республикасының өңірлерінде шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуға ықпал ету;

186) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету кезінде талаптардың сақталуы тұрғысынан жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

186-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерін және кәсіпкерлік бастамасы бар халықты мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдауды жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

186-2) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 85-2-бабына сәйкес мемлекеттік органдарға қатысты кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

186-3) кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;

186-4) кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарының нысанын, тексерулерді тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілердің нысандарын, тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысанын, мерзімдік, жоспардан тыс тексерудің және қашықтан бақылаудың нәтижелері туралы қорытындының нысандарын әзірлеу және бекіту;

187) шағын және орта кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің инновациялық, инвестициялық және индустриялық даму саласындағы құжаттарын іске асыруға қатысуы үшін жағдайлар жасау;

188) инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелерінде жағдайлар жасау;

189) мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдарды реттеушілік әсерді талдауды енгізу мен жүзеге асыру мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастыру;

190) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау (қадағалау) саласындағы басқа мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

191) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептерін қарау;

192) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

193) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге арналған шекті бағаны айқындау тәртібін келісу;

194) тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс көтерме және бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын келісу;

194-1) мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында тауарлық газды өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат

ретінде пайдалану үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвестор үшін ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын келісу;

194-2) алдағы жылға ішкі нарықта кейіннен ірі коммерциялық тұтынушыларға және цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға өткізуге арналған тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын келісу;

194-3) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын келісу;

194-4) коммуналдық меншіктегі кемінде жылына екі жүз мың жолаушы легімен операциялық шығындарды жабу үшін кірістердің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтін әуежайларды субсидиялау тәртібін бекіту;

194-5) квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені келісу;

195) байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін бекіту;

195-1) байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын өлшемшарттарды әзірлеу және бекіту;

195-2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

196) екінші санаттағы рұқсаттар алуға арналған өтініштер нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттар нысандарын бекіту;

197) Заңмен рұқсат беру тәртібі енгізілген рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және қызметті немесе іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

198) хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту, хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;

199) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімін жүргізу қағидаларын келісу;

200) реттеушілік әсерге талдау жүргізу және оны пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

200-1) талаптар тізілімін қалыптастыру және жүргізу кезінде нормативтік құқықтық актінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті талаптар қамтылатын өзге де құжаттың, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актісі жобасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаты

жобасының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті талаптар қамтылатын өзге де құжат жобасының Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 9, 11, 80, 81-1 және 82-баптарының талаптарына сәйкестігін растауды қамтамасыз ету;

200-2) кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

200-3) реттеушілік актілері кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізіліміне енгізілуге жататын кәсіпкерлік қызметті реттеу салаларын айқындау жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

200-4) реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

200-5) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама кеңестері туралы үлгілік ережені бекіту;

200-6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын, орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларын, мемлекеттік жоспарлау саласындағы құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың жобаларын сараптама кеңестерінің қарауын ұйымдастыру;

200-7) жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамыту үшін кедергілерді жою мақсатында экономика салаларының жұмыс істеуіне талдау жүргізу;

200-8) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы нарықтардың жай-күйі туралы экономикалық ақпарат беруді ұйымдастыру;

200-9) туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, туындыны автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін келісу ;

200-10) орындауларды немесе фонограммаларды пайдалану сипатына (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, орындаушының және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін келісу;

200-11) мемлекеттік қаржылай қолдау тәртібін, нысандарын, мемлекеттік қаржылай қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика саласын (салаларын), мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету үшін тартылатын заңды (

заңды) тұлғаны (тұлғаларды), қаржылай қолдау мөлшерлерін және мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету үшін қажетті басқа да шарттарды келісу;

200-12) мемлекеттік қаржылай қолдау тәртібін, нысандарын, мемлекеттік қаржылай қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика саласын (салаларын), мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету үшін тартылатын заңды (заңды) тұлғаны (тұлғаларды), қаржылай қолдау мөлшерлерін және мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету үшін қажетті басқа да шарттарды бекіту;

200-13) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай және мүліктік қолдау тәртібін, нысандарын, мөлшерін және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды әзірлеу;

200-14) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын, экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібін, нысандарын және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды әзірлеу;

200-15) реттеуші мемлекеттік органдар айқындайтын реттеушілік актілерге кейіннен талдау жүргізу мерзімдерін келісу;

200-16) энергия беруші ұйымдар күнтізбелік бір жылда бір тұтынушыға шаққанда ажырату санының орташа көрсеткішінен және күнтізбелік бір жылда бір тұтынушыға шаққанда ажырату ұзақтығының орташа көрсеткішінен асырған жағдайда тұтынушы пайдаланған электр энергиясы үшін бұрын жүргізілген соманы қайта есептеу және (немесе) қайтару арқылы электр қондырғыларының белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі кәсіпкерлік субъектілеріне автоматты түрде өтеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

200-17) сыйақы түрлерін, оның мөлшерлемелерін айқындау және белгілеу тәртібін келісу;

201) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны, лицензия нысанын және (немесе) лицензияға қосымшаны алу және қайта ресімдеу үшін өтініштер нысандарын бекіту;

202) Министрлік реттейтін саладағы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

203) Министрлік құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

204) орталық және жергілікті атқарушы органдардың тиісті салада (аяда) мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

205) қоғамдық кеңес құру;

206) қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

207) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдіктің дербес құрамын айқындау;

208) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;

209) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдік;

210) қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

211) министрліктердің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

212) Министрліктің құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

213) реттелетін саладағы тәуекелдерді басқаруды бағалау жүйесін бекіту;

214) жұмыстың сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында өз қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру;

215) Министрлікте, ведомствода және оның аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарда басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;

216) Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалауды, жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға, бағдарламалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде үлгілік конкурстық құжаттама негізінде бекітілетін конкурстық құжаттаманы қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасына сараптамалар жүргізу үшін, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде тарту;

216-1) Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының мақсаттарын, міндеттерін және қызмет түрлерін айқындау;

216-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультативтік сүйемелдеуді, сондай-ақ "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 8) тармақшасына сәйкес сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеуді жүзеге асыру және аккредиттеу туралы куәліктен айыру туралы шешім қабылдау;

216-3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультативтік сүйемелдеуді, сондай-ақ "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 8) тармақшасына сәйкес сараптама жасауды жүзеге асыратын адамдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

216-4) мемлекет кепілгерлігін беру тәртібін, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі шартының нысанын келісу;

217) республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша, сондай-ақ республикалық және жергілікті ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының

конкурстық (аукциондық) құжаттамасын, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде келісу;

217-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына сараптама жүргізу тәртібін айқындау;

217-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастыру және жариялау тәртібін және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жоспарланатын және іске асырылатын жобаларын ақпараттық қамтамасыз ету, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталын пайдалану арқылы тәртібін айқындау;

217-3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерінің оларға қатысты жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс жабық болуы мүмкін тізбесін әзірлеу;

217-4) тиісті саланың орталық уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік бекітетін жеке бастаманы іске асыру шеңберінде конкурстық (аукциондық) құжаттаманы келісу және сараптау тәртібін айқындау;

217-5) тиісті саланың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, жергілікті атқарушы органдар бекітетін жекеше бастаманы іске асыру шеңберіндегі конкурстық (аукциондық) құжаттаманы келісу;

217-6) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс (аукцион) тәртібін айқындау;

218) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің болжамды тізбесін бекіту;

219) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларын бекіту;

219-1) жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер кезінде республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасына салалық қорытындыны, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспар дайындауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

220) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 297 қаулысымен;

220-1) салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жекеше әріптесті айқындаудың және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасудың тиісті саланың мемлекеттік органы әзірлеген тәртібін келісу;

220-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

220-3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын бөлу және олардың тәуекелдерін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

220-4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шарттық мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

221) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту;

222) соттардың заңды күшіне енген шешімдері негізінде қалыптастырылатын жосықсыз әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесін жүргізу және бұл тізбені өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

223) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу өлшемшарттарын бекіту;

224) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 297 қаулысымен;

224-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторын айқындау;

224-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

225) тиісті кезеңге арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламалардың тізбесін қалыптастыру;

226) өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесін және біріздендірілген инвестициялық стандартты әзірлеу және бекіту;

227) жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері туралы үлгілік ережені бекіту;

228) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

229) тиісті саладағы (аядағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

230) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісу;

231) тиісті салада немесе мемлекеттік басқару саласында өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және келісу;

231-1) ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйыммен қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

232) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 297 қаулысымен;

233) реттеуші мемлекеттік органдарға реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету және олардың қызметін үйлестіру;

234) реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізу;

235) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ақпарат орналастыру;

236) ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпарат орналастыру;

237) ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында ақпарат орналастыру;

238) ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпарат орналастыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актіні келісу;

239) ақпараттың сапасына және уақтылы берілуіне ішкі бақылау жүргізу;

240) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкінің құрамына берілетін аудандық коммуналдық мүліктің үлгілік тізбесін бекіту;

241) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 қаулысымен;

241-1) мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастыру қағидаларын бекіту;

241-2) дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, оларға қатысты "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданылмайтын ұйымдардың тізбесін бекіту;

241-2) мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және олармен еңбек шартын бұзу, көтермелеу шараларын қолдану және оларды жазалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

242) квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидаларын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп бекіту;

243) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы үлгі ережені әзірлеу және бекіту;

243-1) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі мен мөлшерін айқындау;

244) жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін әзірлеу және бекіту;

245) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуы мен өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іріктеу және үйлестіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

246) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 478 қаулысымен;

247) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі іске асыратын Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды әзірлеу және бекіту;

248) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындау және уәкілетті органға енгізу;

249) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

250) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

251) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

252) сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

252-1) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарнама саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

253) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

254) мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесін бекіту.

255) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

256) мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын әзірлеу, мемлекеттік органдардың, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келісу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

256-1) тармақша 01.01.2027 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 қаулысымен.

256-1) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау үшін ұйымдардың тізбесі жөнінде ұсыныстар дайындау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

256-2) тармақша 01.01.2027 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 қаулысымен.

256-2) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұйымдастырушылық көмек көрсету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 256-3) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

256-4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау бойынша шығыстардың көлемі мен құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізу;

256-5) ведомстволық бағынысты ұйымдарда азаматтық қорғаныс мүлкінің запастарын құру және олардың сақталуын, жаңартылуын және оларды қолдануға әзірлікте ұстап тұруын ішкі бақылауды жүзеге асыру;

256-6) азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлеу және бекіту;

256-7) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

256-8) қосалқы (қалалық) және көмекші басқару пункттерін құруды қамтамасыз ету;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 256-9), 256-10), 256-11), 256-12), 256-13) және 256-14) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

256-15) нормативтерді, нормативтік техникалық құжаттар мен қағидаларды әзірлеу, бекіту және (немесе) келісу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік салалық есепке алуды жүргізу және осы деректерді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

256-16) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарауды жүзеге асыру, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

256-17) азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастыру;

256-18) ведомстволық бағынысты ұйымдардағы өрттердің алдын алу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

256-19) азаматтық қорғаудың салалық кіші жүйелеріне басшылықты жүзеге асыру;

256-20) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарын әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 256-21), 256-22) және 256-23) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

256-24) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасу, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп

беретін орталық атқарушы органдардың және мемлекеттік органдардың жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстарын қарау;

256-25) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

256-26) мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақты 256-27) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 31.03.2026 № 201 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

257) мемлекеттік органдардың жұмылдыру даярлығы саласындағы қызметін үйлестіру;

258) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

259) жұмылдыру органдары мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

260) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгерген кезде мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және беру туралы ұсыныстар енгізу;

261) Қазақстан Республикасында жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру қағидалары мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы баяндамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығын бағалауды жүзеге асыру;

262) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізу;

263) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді броньдау бойынша жұмысын үйлестіру;

264) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

264-1) жұмылдыру органдары туралы үлгілік ережені бекіту;

264-2) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағындағы әскери-көліктік міндеттілік қағидаларын бекіту;

264-3) экономика салаларынан Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың жұмылдыру қажеттіліктерін айқындау қағидаларын бекіту;

265) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары объектілерге,

халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау және сақтау саласындағы қызметті үйлестіру;

266) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау, сақтау және пайдалану тәртібін айқындау;

267) Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету мақсатында жарты жылдың қорытындысы бойынша – есепті жылдың 25 шілдесіне дейін, жылдың қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын, жұмылдыру резервінің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын, азық-түлік тауарларын есепке алу жөнінде ақпарат жіберу;

268) Министрліктің құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші органдар қызметін қамтамасыз ету;

269) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

270) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.02.2023 № 133 қаулысымен;

271) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.02.2023 № 133 қаулысымен;

272) ақпараттандыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестердің тізілімімен интеграциялануға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

273) бизнес-әріптестердің тізілімін жасау, жүргізу және пайдалану тәртібін айқындау;

273-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына төленетін міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерлерін бекіту;

274) зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

274-1) мемлекеттік тапсырманың құнын белгілеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындау;

274-2) ведомстволық бюджет комиссиясын құру, оның жұмыс органын айқындау және ол туралы ережені, құзыреті мен құрамын бекіту;

275) бюджеттік субсидиялардың экономикалық әсерін айқындау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

275-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

275-2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

275-3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың асырылуы жөнінде ақпарат беру;

275-4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

275-5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

275-6) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;

275-7) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

275-8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;

275-9) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;

275-10) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;

275-11) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну;

276) орталық атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Президенті мен Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.03.2022 № 153;
11.04.2022 № 207 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 18.07.2022 № 487;
12.10.2022 № 814; 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз);
16.11.2022 № 908; 09.02.2023 № 105; 16.02.2023 № 133; 03.03.2023 № 186; 13.03.2023 №

196; 13.04.2023 № 297 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); 31.05.2023 № 425; 15.06.2023 № 470; 07.08.2023 № 653 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.08.2023 № 719 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2023 № 890; 02.11.2023 № 964; 03.04.2024 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 13.07.2024 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.08.2024 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.10.2024 № 864; 07.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 29.04.2025 № 287 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 27.06.2025 № 478; 13.08.2025 № 617; 14.08.2025 № 627; 08.10.2025 № 830 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады); 21.10.2025 № 886 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 08.12.2025 № 1064 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.03.2026 № 201; 09.07.2026 № 600 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

3-тарау. Министрліктің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікті басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары (бірінші вице-министр, вице-министрлер) болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) заңнамаға сәйкес Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, өз құзыретіне жататын еңбек қатынастарының мәселелерін шешеді;

2) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

3) қызметінде өзінің бақылауындағы ведомстволардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда аппарат басшысымен келісу бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек қатынастарының мәселелері оның құзыретіне жатқызылған Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

6) ведомстволардың актілерінің әрекетін толық немесе бір бөлігінде тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

7) Министрдің бұйрықтарына қол қояды.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.07.2026 № 600 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Министрліктің аппарат басшысы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрлік өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің және оның ведомствосының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.11.2025 № 981 қаулысымен.

1. "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы.

2. "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы.

3. "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамы.

Министрліктің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 11.07.2022 № 471; 13.03.2023 № 196 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.
9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.
13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.
14. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.
15. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.
16. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

18. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Абай облысы бойынша департаменті.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

20. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1011 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетіне";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 264-9-жолмен толықтырылсын:

"264-9 "Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығы" акционерлік қоғамы;

"Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігіне (Монополияға қарсы агенттік)" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне";

"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне

360. "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы.

361. "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы.

362. "Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы.

363. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2016 № 497 қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1011 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Статистика агентігінің қайта аталатын аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Ақмола облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Ақмола облысының Статистика департаментіне.

2. Ақтөбе облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Ақтөбе облысының Статистика департаментіне.

3. Алматы облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Алматы облысы Статистика департаментіне.

4. Атырау облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Атырау облысының Статистика департаментіне.

5. Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаментіне.

6. Жамбыл облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Жамбыл облысы Статистика департаментіне.

7. Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Батыс Қазақстан облысының Статистика департаментіне.

8. Қарағанды облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қарағанды облысының Статистика департаментіне.

9. Қызылорда облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының Статистика департаментіне.

10. Қостанай облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қостанай облысының Статистика департаментіне.

11. Маңғыстау облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Маңғыстау облысының Статистика департаментіне.

12. Павлодар облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Павлодар облысының Статистика департаментіне.

13. Солтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Солтүстік Қазақстан облысының Статистика департаментіне.

14. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаментіне.

15. Астана қаласының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Астана қаласы Статистика департаментіне.

16. Алматы қаласының Статистика департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Алматы қаласы Статистика департаментіне.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1011 қаулысына
2-қосымша

